

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін өзін-өзі бағалауының ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Саркөл ауылы
2024 жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы: Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

Қазақстан, Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Саркөл ауылдық округі, Саркөл ауылы, Мектеп көшесі, құрылыс 36

3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

Мектеп телефоны - 8(71346) 27-0-01

Электрондық поштасы - shkola.sarkul@mail.kz

Web-сайт - sarykol-mektebi.ai.kz

4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т. А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):

Мектеп директоры – Карайдарова Жанар Сералиевна

Мектеп директоры лауазымына «Темір аудандық білім бөлімі» ММ-нің 17.11.2016 жылғы №415 бұйрығымен тағайындалды.

5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама БСН 970640001159 14.01.2021 жылы берілді.

6) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон):

Білім беру қызметіне №KZ62LAA00025178 нөмірлі лицензия 04.03.2021 жылы берілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы KZ86RVK00033859 нөмірлі талоны 04.03.2021 жылы берілді (құжаттар интернет ресурста орналастырылды).

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар

12.1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі**

Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестесі қаралды.

2023-2024 жұмыс оқу жоспарлары интернет ресурста орнатылды.Сабақ кестесі талапқа сай жасалған.

«Сарыкөл ЖОББМ» КММ - мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу орны. 2023-2024 оқу жылында 11 сынып комплектісінде 186 оқушы білім алды. 10-11-сынып оқушылары қоғамдық-гуманитарлық бағытымен оқыды.0

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы

Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде және келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

1-4 - сыныптарда "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 11-қосымшасы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 246 бұйрығына 6-қосымшасындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады.

5-9-сыныптарда білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 16-қосымша, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13-қосымшасындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды.

10-11-сыныптарда білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 21-қосымшасы, ҚР Оқу –ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 246 бұйрығына 11-қосымшасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы);

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4бұйрығы);

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы) (оқу жұмыс жоспарының көшірмесі, сабақ кестесі интернет ресурста орналастырылды).

12.2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2023-2024 оқу жылында 1-4 – сыныптар сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 11-қосымша (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8-қосымша (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарымен оқытылуда.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген..

5-9 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 16-қосымша (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13-қосымша (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарымен оқытылуда).

10-11 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 22-қосымша (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 19 -қосымша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары оқытылуда.

12.3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы жұмыстар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген «ҚР Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту туралы кешенді жоспары», Ақтөбе облысы білім басқармасының 2015 жыл 1 қыркүйегіндегі № 733 бұйрығымен күшейтілген Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы негізінде жылдық жоспар жасалынды. Жоспар 3 құндылыққа негізделіп құрылды, 9 бағыт осы 3 құндылыққа кіріктірілген.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Мектепте жоғары рухани қасиеттер мен шығармашылық белсенді азамат, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.
- Табиғат қорғау дағдыларын, алған білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетін қалыптастыру.
- Құқықтық сауаттылық бар қалыптастыру үшін жағдай жасау.
- Оқушылардың Қазақстан республикасы рәміздеріне сыластықпен, құрметпен қарауын қамтамасыз ету.
- Діни экстремизмнің алдын алу.

Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023-2024 оқу жылында

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хаты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген «ҚР Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту туралы кешенді жоспары», Ақтөбе облысы білім басқармасының 2015 жыл 1 қыркүйегіндегі № 733 бұйрығымен күшейтілген Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы негізінде; Ақтөбе облысы білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыз № 252 санды, Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы № 255 бұйрығы және 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы; 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 3 құндылыққа негізделіп жасалған, 8 бағыт осы 3 құндылыққа кіріктірілген. Төмендегі кестеде 2023-2024 оқу жылының өткізілген шаралар қамтылған.

№	Апталық атауы	Мерзімі	Сыныптар
1	1 қыркүйек - Білім күні мерекесін атап өту 1 қыркүйек - білім күні « <i>Мектеп – мейірім мекені</i> » <i>сынып сағаттары</i>	1.09.2023	1-11
2	Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 3 құндылық бойынша бойынша жүзеге асырылады.	2023-2024	1-11
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24429 болып тіркелді	2023-2024	1-11
4	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (12-бап) (білім беру органдарының кәмелетке толмағандардың жазғы	2023-2024	1-11

	демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі құзыреті көзделген);		
5	Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама). «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.	2023-2024	1-11
6	Құқық бұзушылықтың, қаңғыбастық пен тіленшіліктің алдын алу, ата-ананың қамқорынсыз қалған қалғандарды анықтау, түнгі уақытта ата-анасыз және заңды өкілдерсіз жүрген балаларды анықтау мақсатында профилактикалық рейдтік іс-шаралар	Қыркүйек	1-11
7	Қадағалаусыз және қараусыз қалған балаларды анықтау бойынша «Кеш», «Жасөспірім», «Түнгі қала» т.б рейд жұмыстарын жүргізу	Жыл бойына	1-11
8	Аудандық жасөспірімдер бойынша полиция өкілімен мектеп оқушыларының кездесуі. ӘҚБ кодексі, ҚР қылымстық кодексі, ҚР конституциясы т.б мәселелер бйынша.	Қазан, 2023 жыл	1-11
9	Республика күніне арналған іс-шаралар	Қазан, 2023жыл	1-11
10	Сәтсіз, мектепшілік есебінде тұрған оқушылармен жұмыс	Жыл бойы	
11	7-8 сынып оқушыларының әлеуметтік қызығушылығын анықтауға әлеуметтік диагностика жұмыстарын жүргізу	Тоқсан бойы	1-11

1 қыркүйек «Білім күні» мерекесі аясында мектебімізде тек 1-сынып оқушылары үшін мерекелік жиын ұйымдастырылды. Жиында оқушылар «Әліппе» оқулығы таратылды. Қалған сыныптарда тақырып аясында тәрбие сағаты өткізілді. Сыныптар арасында өткізілген білім күніне орай «Мектеп–мейірім мекені» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мектебімізде «9 ай-9 іс-шара» жобасы жұмыс жасауда. Жоба бойынша әр айда 1 іс-шара өткізілді. 8-қыркүйекте ДТІЖО және дене шынықтыру пәні мұғалімі Мұқамбетқалиева Н ұйымдастыруымен «9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында барлық сыныптарда «Дене сергіту» челленджі өтті. 23-қазан «9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында Сарыкөл ЖОББМ педагогтері мен білім алушылары бірыңғай Әнұран орындады. 18-қараша «9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында ДТІЖО және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен Сарыкөл ЖОББМ педагогтері мен білім алушыларының қатысуымен «Асық ату» челленджі өткізілді. 31-қаңтар ДТІЖО Жанғазы Ә «Қазақтың байырғы есептері» тақырыбында іс шара өткізді. 28-ақпан мектеп кітапханашысы Ырғызбаева С «9 ай-9 іс-шара» жобасы аясында «Кітап оқу мәдениетін дәріптеу» челленджін өткізді. Мақсаты: Оқырмандардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға шақыру. ДТІЖО Жанғазы «9 ай-9 іс-шара» жобасының жоспарына сәйкес «Күй күмбірі» домбырашылар челленджін өткізді.

12-қыркүйек жасөспірімдер инспекторы Түйешин Мерлан және жедел опера Қорқытов Мағжанның қатысуымен 8-11 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу өтті.

13-қазан «4 тоқсан – 4 өнер» жобасы аясында 11-сынып оқушылары арасында «Ақын болсам...» эссе байқауы өткізілді.

20-қазан күні 1-7 сыныптарда «Күзгі балл» атты сайыс өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, номинация бойынша марапатталды.

20-қазан күні 8-11 сыныптарда «Autumn Ball» атты сайыс өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, номинация бойынша марапатталды.

21-қазан «4 тоқсан – 4 өнер» жобасы аясында 4-сынып оқушылары арасында «Кітапты жан азық деп қанып іш...» атты жылдамдыққа оқу сайысы өтті.

Сарыкөл ЖОББМ КММ-де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасының кабинеті ашылды.

3-қараша күні Сарыкөл ЖОББМ-де «Біртұтас тәрбие бағдарламасы және отбасылық дәстүрлер» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы, басқа да 10 жоба мақсат, міндеттерімен таныстырылды.

8-20 қараша аралығында «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны бойынша іс-шаралар өтті. Науқан аясында 11-сыныпта «Жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық мәселесі» тақырыбында сынып сағаты өтті. Өткізген Жанаева Ә. 7-9 сыныптар арасында «Құқықтық тәрбие негізінде отбасыдан басталады» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Өткізген Мукашева Г. 5,7,9,10-сыныпта «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сынып сағаты өтті. Өткізген сынып жетекшілері Төлеутайқызы Г, Мұхамбетқалиева Н, Джаксылыкова А, Алиева А. 11-сыныпта «Зорлық зомбылықсыз отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру. Өткізген психолог Өмірғалиева Г. Мектеп психологы Өмірғалиева Г, информатика пәні мұғалімі Шүкірбаева А 10-сыныпта «Интернеттегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында танымдық сабақ өткізді. 22-сәуір Жұмағалиева Г 6-сынып ата-аналарына «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» тақырыбында жиналыс өткізді.

Сарыкөл ЖОББМ-де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасы жұмас жасауда. Жоба аясында көптеген іс-шаралар өтті: 10-қарашада 3-сыныпта Табынбаева Р «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жобасының жоспарына сәйкес «Бала тәрбиесіне байыпты қарайық» тақырыбында ата-аналар сағаты өтті. 24-қараша Даналық мектебіне жауапты Жанасаева Ж «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Мен оқушы болғанда...» тақырыбында ата-аналарға тренинг өткізді. 11-желтоқсан Даналық мектебіне жауапты Жанасаева Ж «Даналық мектебі» жоспарына сәйкес «Бала тәрбиесіндегі әке мен ананың жауапкершілігі» тақырыбында әкелер жиналысы өтті. 26-қаңтар Шүкірбаева А «Отбасылық таланттар» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді. 29-қаңтар Шилмағамбетова А 1-4 сынып ата-аналарына «Үйрен жақс әдептен» тақырыбында ата-аналарға арналған сағат өткізді. 7-ақпан Жанасаева Ә «Сабырлық – асыл қасиет» тақырыбында ата-аналарға сабақ өткізді. Сабақ мақсаты: сабырлық, ұстамдылық ұғымдарының құндылығы мен маңыздылығын ашу. 14-наурыз Төлеутайқызы Г «Бала әлем аясында» тақырыбында 5-7 сынып ата-аналарына сабақ өткізді.

13-19 қарашада «Жол жүрісі қауіпсіздігі» апталығы іс-шаралары өтті. Апталық аясында «Жол жүрісі қауіпсіздігі» апталығының жоспарына сәйкес 3,7 сыныпта «Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаты өтті. Өткізген сынып жетекшілері Табынбаева Р, Мұхамбетқалиева Н. «Мектепке апарар жол» тақырыбында мектеп бұрышы жасалды. Өткізген МАД тәрбиешісі Қосанқызы М. 5-сыныпта «Жолда жүру ережелері» тақырыбында сынып сағаты өтті. Өткізген сынып жетекшісі Төлеутайқызы Г.

20-30 қараша аралығында Сарыкөл ЖОББМ педагогтерінің қатысуымен «Құқықтық тәртіп» атты іс-шара аясында түнгі мезгілде оқушылардың көшеде ата-ана бақылауынсын жүрмеуін және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында рейд жүргізілді.

26-қараша ДТІЖО, «Өзін-өзі» басқару ұйымының қйымдастыруымен 8-11 сыныптары арасында 90х кездесуі өтті.

16-желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар өтті. Жанасаева Ж 10-11 сыныптарда «Тәуелсіздік құрбандары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. 1-11 сыныптарда «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Өткізген сынып жетекшілер. «Жігер» дебат клубының жетекшісі Жұмағалиева Г «Тұғыры биік тәуелсіздік» тақырыбында пікірсайыс өткізді.

Жаңа жыл мерекесіне орай сыныптарда 1-4 сыныптарда «Төрлет құтты жаңа жыл», 5-7 сыныптарда «Берекелі жаңа жыл», 8-11 сыныптарда «Қош келдің жаңа жыл» атты концерттік бағдарламалар өтті. Мүмкіндігі шектеулі балаларға «Қош келдің жаңа жыл» мерекелік шара өтті.

Сарыкөл ЖОББМ-де «Оқуға құштар мектеп» жобасы жұмыс жасауда. Жоба аясында көптеген шаралар өтті. 6-қаңтар күні «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты қысқы демалыс уақытында оқушылармен жұмыс өткізілді. Өткізген мектеп кітапханашысы Ырғызбаева С. 5-наурыз «Оқуға құштар мектеп» республикалық челленджі ұйымдастырылып Қ.Қайсеноватың «Жау тылындағы бала» повесті ұсынылды. Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға шақыру.

17 қаңтар-17 ақпан аралығында «ДОСБОЛLIKE» акциясы жоспарымен іс-шаралар өткізілді. «ДосболLike достық қолын ұсын» акциясы аясында 6-сынып оқушылары кесте тігуді, гипстен бұйымдар жасауды, аспаздық курстарын үйренді. Өткізген Шутеева Г. 29-қаңтар Мұхамбетқалиева Н «ДосболLike» акциясы аясында спорттағы достық «Көңілді старт» эстафеталық жарысын ұйымдастырды. 31-қаңтар Сағынтаева А суреттер конкурсын ұйымдастырды. 17-ақпан «Өзін-өзі басқару» ұйымы «ДОСБОЛLIKE» акциясы аясында «Менің досым» челленджін өткізді.

Сарыкөл ЖОББМ-де Ауғанстаннан Кеңес іскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуын мерекелеуге арналған іс-шаралар өтті. 30-қаңтар Жанасаева Ж және Мукашева Г, ДТІЖО Ауғанстаннан Кеңес іскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Отты жылдар естелігі» тақырыбында 10-сынып оқушыларымен, Ауған соғысы ардагерлері қатысуымен ерлік сабағын өткізді.

2-ақпан ДТІЖО Жанғазы Ә «Жемқорлыққа қарсы күрес» тақырбында парасаттылық сабағын өткізді.

Сарыкөл ЖОББМ-де «Балалар және театр» жобасы іске асырылуда. Жоба бойынша бірнеше іс-шаралар өткізілді. 19-ақпан сынып жетекшісі Алиева А 10-оқушылары қатысуымен М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» өлеңіне көрініс қойды.

19-ақпан Кеңқияқ полиция бөлімінің патрульдік полиция тобының аға инспекторы полиция капитаны Женчурин Ж.Б. және патрульдік полиция тобының инспекторы полиция лейтенанты Идрисов А. Сарыкөл ЖОББМ КММ оқушыларына жолда дүру қауіпсіздігі ережелері туралы және көктайғақ кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмысын өткізді.

Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды.

26-ақпан Кеңқияқ полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Сидағали Аманғос, Жасөспірімдер инспекторы, полиция лейтенанты Қартбаев Арманның қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жиналыс өтті. Жиналыс барысында оқушыларға кешкі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы туралы, көлік құралын басқаруға болмайтындығы және суық қару қолдануға болмайтындығы туралы ескертілді.

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектеп оқушылар «Алтын жүрек» республикалық челленджін жалғастыру мақсатында видеоролиг түсірді.

8-наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектеп оқушылар «Сіздер үшін, махаббатпен!» тақырыбында ата-аналарға құттықтау видеоролигін жолдады. Сыныптарда «Адамзаттың асылы – Ана деген құдырет» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

14-наурыз 8,9,10 сынып оқушылары мен мұғалімдері арасында «Көрісу күні» ұйымдастырылды. Өткізген: Алиева А, Шүкірбаева А.

15-наурыз ДТІЖО Жанғазы Ә «Adal ugraq» жобасының жоспарына сәйкес «Заң талабы-заман талабы» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

18-наурыз – Ұлттық киім күніне ұлттық киімдер дефилесі ұйымдастырылды.

20-наурыз – Ұлттық спорт күніне орай 8,9,10-сыныптарда ұлттық спорттан жарыстар ұымдастырылды. Өткізген Алиева А, Шүкірбаева А

20-наурыз барлық сыныптарда «Амал келді, жыл келді» сынып сағаттары өткізілді. Оқушылар «Армысың, Әз-Наурыз» құттықтау видеоларын түсірді.

23-наурыз-Тазалық күніні мектеп оқушылары «Тазалық эстафетасын баста!» акциясына өткізді.

17-сәуір барлық сыныптарда «Табиғат-сенің өз үйің» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

23-сәуір Шүкірбаева А 8-сыныпта «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

26-сәуір 2-5 сыныптарда мектеп медбикесі иммунопрофилактика арқылы денсаулықты нығайту мен қорғауға мотивациялық көзқарастар мен құндылықтар бағдарларын қалыптастыру бойынша тақырыптық сағаттар өткізді.

30-сәуір «Таза Қазақстан», «Құстарға ұя сыйла» акциясы аясында мектеп оқушылары өз қолдарымен жасаған ұяларын ағаштарға орналастырып, акцияға өз үлестерін қосты.

1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай 5-11 сынып оқушылар «Бейбіт ел – бақытты бала» тақырыбында эссе жазды. 1-4 сынып оқушылар осы тақырыпта диктант жазды.

6-мамыр ДТІЖО ұйымдастыруымен мектеп оқушылары «Тал егу – игі іс» экологиялық акциясы аясында мектеп ауласында тал екті.

6-мамыр барлық сыныптарда «7 мамыр – Отан қорғаушылар күні» және «9 мамыр – Жеңіс күні» қарсаңында «Ерлік ұрпаққа мұра» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 11-сыныпта Жанаева Ә «Ерен ерліктері есімізде» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Жанасаева Ж 10-сыныпта Ерлік сабағын өткізді.

12-мамыр – Аналар күніне орай мектеп оқушылары «Рахмет сізге анашым!» тақырыбында құттықтау челленджін өткізді. 10-сыныпта «Ана – барлық көркемдік белгісі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. 8-сыныпта «Ана – өмір шырағы» атты сынып сағаты өткізілді.

14-мамыр ДТІЖО Жанғазы Ә ұйымдастыруымен 10-11 сынып оқушыларының және Қ.Жұбанов университетінің мамандарының қатысуымен «Мамандық таңдау – өміріңнің бір кірпішін дұрыс қалау» тақырыбында Zoom платформасында кездесу өткізілді. Кездесу барысында Қ. Жұбанов университеті базасындағы Хериот-Уатт филиалы туралы айтылды.

15-мамыр мектеп директоры Карайдарова Ж, ДТІЖО Жанғазы қатысуымен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

13-17 мамыр аралығында Сарыкөл ЖОББМ-де әскери және технологиялық дайындық пәнінен 5 күндік далалық оқу-жаттығу жиыны өткізілді. Өткізген АӘТД пәні мұғалімі Жиенғалиев А.

24-мамыр Соңғы қоңырау мерекесіне орай барлық сыныптарда «Білімім-Отаныма!» сынып сағаты өткізілді.

25-мамыр «Соғылды соңғы қоңырау» тақырыбында 11-сынып түлектеріне арналған салтанатты жиын өтті.

3-маусым Сарыкөл ЖОББМ-де балалардың бос уақытын тиімді пайдалану, жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында «Айгөлек» лагері ашылды. Балаларға көңіл күй сыйлау мақсатында мектеп әкімшілігі атынан балмұздақтар таратылды. Өткізген тәрбиеші Әбілханова С, ДТІЖО

4 мамыр – Қазақстан Республикасының рәміздер күніне орай Сарыкөл ЖОББМ КММ-де мектеп мұғалімдері мен білім алушыларының қатысуымен Қазақстан республикасының Әнұраны орындалды.

Жоғарыда кестеде көрсетілген іс-шараларда білім алушылардың тақырып аясында жаңа білімді меңгеруде, салт-дәстүрлерімізді сақтауда, жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қоршаған ортаны қорғаудағы шаралар қамтылған апталық, онкүндік, айлық жұмыстарды өткізуде сынып жетекшілер, тәрбие саласының мамандары белсенділік танытты. Олардың өз жоспарларында да осы шаралар аясында тақырыптар қойылған. Әрбір жаңа жұмысты өткізу алдында сынып жетекшілермен отырыс, тәрбие саласы мамандарымен отырыс өткізіледі. Алдын ала қандай жұмыстар қамтылатындығы айтылады. Сынып жетекшілер жаңа мәліметтерді қамтитын танымдық сабақтар, тәрбие саласы мамандары (психолог, тәлімгер, әлеуметтік педагог, кітапханашы, үйірме жетекшілері) өз бағыттары бойынша жұмыстарын ұйымдастырып өткізеді. 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жобасы өз жалғасын табуда. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілер қозғалысы), «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Балалар кітапханасы» (Оқуға құштар мектеп), «Ұлттық мектеп лигасы», «Ұшқыр ой алаңы», «Ата-аналар мектебі», «Балалар және театр», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Тоғыз айға тоғыз іс-шара», «Төрт тоқсанға төрт өнер» атты арнайы жобалар бойынша жұмыстар атқарылуда. Бұл арнайы жобалар аясында мектепшілік тәрбие сағаттар, сыныптан тыс жұмыстар, челленджер, т.б. жұмыстар ұйымдастырып отырылды. Өткізілген іс-шаралар уақытылы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісінде 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап жарияланып отырылды. Әлеуметтік парақша атауы: **sarykol_zhobb_mektebi.**

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды.

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	Саны
1	Оқушылардың жалпы саны: Оның ішінде ұл бала саны: Қыз бала саны:	179 99 80
2	Толық отбасы саны: Ондағы бала саны:	94 161
3	Толық емес отбасы саны: Ондағы бала саны:	8 21
4	Жетім балалар:	-

	Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың саны:	
5	Жартылай жетім балалар саны: Әкесі қайтыс болған: Анасы қайтыс болған:	10 4 6
6	Аз қамтылған отбасы: Ондағы балалар саны	12 37
7	АӘК алатын отбасы: ондағы бала саны:	1 4
8	Көпбалалы отбасы: Ондағы бала саны:	51 64
9	Өгей әкемен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	-
10	Өгей анамен тұратын отбасы: Ондағы бала саны:	-
11	Ерекше білімді қажет ететін балалар: Үйден оқитын балалар:	1 -
12	Полиция бөлімінде есепте тұрған отбасы: Ондағы бала саны (мектеп жасындағы):	-
13	Полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар: Мектепшілік есепте тұрған оқушылар:	4
14	Тәуекел тобындағы (намаз оқитын немесе ата-анасы діни көзқарастағы) оқушылар: Мектеп формасын сақтамайтын оқушылар: Террористік белсенді аймақтардан келген оқушылар:	-
15	Тегін тамақ ішетін балалар саны 1-4	61
16	Тегін тамақ ішетіндер саны- 5-11	29
17	Мектепте тегін тамақтанатын оқушылар саны	90

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Тамыз айында көп балалы отбасынан шыққан балалар аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары реттелді. Темір аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 01 тамыздағы №252 бұйрығы негізінде мектебімізде жалпыға міндетті оқумен қамтудың кезекті ауылдық айлығы мен «Мектепке жол» акциясы 2023 жылдың 1 тамызынан бастап ұйымдастырылуда.

39 оқушыға Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық әр балаға 40597 теңге көлемінде көмек көрсетті.

«Мектепке жол» акциясы аясында демеушілік көрсеткен тұлғалар туралы ақпарат

№	Аудан атауы	Демеушінің толық аты-жөні	Қызметі, лауазымы	Демеушілік көрсеткен бала саны, қаржы көлемі
1	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Төлегенова Гүлнұр Маратқызы	Жеке кәсіпкер	1 оқушы 5000
2	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Айжарикова Базаргүл Болатовна	Жеке кәсіпкер	1 оқушы 25000
3	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	КНГДУ мұнай газ басқармасының ұжымы	Мұнай компаниясы	5 оқушы 70000
4	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	КМК мұнай газ басқармасының ұжымы	Мұнай компаниясы	5 оқушы 150000
5	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Мамбетов Берік Жауымбетұлы	Ауыл азаматы	1 оқушы 10000
6	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Калдыгожина Райса Тунгатаровна	Жеке кәсіпкер	1 оқушы 5000
7	Темір ауданы Сарыкөл жалпы	«Самұрық қазына»	Қор	1 оқушы

	орта білім беретін мектебі	қоры		25000
8	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Аудандық білім бөлімі қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы	Кәсіподақ ұйымы	1 оқушы 15000
9	Темір ауданы Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі	Алматов Талғат Алматұлы	Саркөл ауылдық клуб үйінің меңгерушісі	1 оқушы 10000

КНГДУ мекемесі мектебіміздің бес оқушысына мектеп формасын, спорттық киім, оқу құралдарын, мектеп сөмкелерін табыстады.

Жақсылық жасап, жомарт жан бола білген кәсіпкерлер - Калдыгожина Райса, Тулегенова Гулнұр, Шутеева Гүлбақыт мектеп оқушыларына оқу құралдарын алып берді. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» мектебіміздің 1- сынып оқушысына оқу құралдарына толы мектеп сөмкесін табыстады. Ауылымыздың азаматы Мамбетов Берік Жәуімбетұлы акцияға өз үлесін қосып, 10000 тенге қаржылай көмек көрсетті. Көрсетілген қаржылай көмекке көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына мектепке оқу-құралдары, мектеп сөмкесі алынды. Темір аудандық білім бөлімі қызметкерлері кәсіподақ ұйымы да акцияға өз үлесін қосып, мектебіміздің кіші қызметкер баласына оқу құралына толы мектеп сөмкесін табыстады. Біреуге жақсылық жасап, жасаған жақсылығынан шынайы қуанып, марқая алатын жомарт жандар жетерлік. Сондай жандардың бірі-кәсіпкер Айжарикова Базаргүл Болатовна, мектебіміздің 1-сынып оқушысына мектеп формасын, оқу құралына толы мектеп сөмкесін алып берді. Саркөл ауылдық клуб үйінің меңгерушісі Алматов Талғат Алматұлы да акцияға өз үлесін қосып, оқу құралға толы мектеп сөмкесін табыстады.

Қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты-білім беру сапасын арттыруда бірігіп жұмыс жасау. Қамқоршылық кеңесі құрамында 11 адам бар. Кеңес мүшелері жиналыстар өткізіп отырады. Мектепте туындаған көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектеседі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын басшылыққа алады.

Қамқоршылық кеңесінің өкілеттілігі:

- Білім алушылардың құқығының сақталуына;
- Білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- Мектепті дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеуге;
- Қайырымдылық көмек түрінде мектепке аударылған қаржыны бөлуге;
- Мектеп қызметінің мәселелері бойынша

2023 жылдың қыркүйек айында қамқоршылық кеңесі қайта құрылды. Құрамы 11 адамнан тұрады.

Мектеп өмірімен тығыз байланысты қамқоршылық кеңесінің басты мақсаты –білім беру сапасын арттыруда бірігіп жұмыс жасау.

Темір ауданының білім бөлімінің
« 26 » қараша 2023 жылғы
№ 418 бұйрығына
№17 қосымша

«Сарыкөл жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
қамқоршылық кеңес мүшелерінің тізімі

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Кеңес мүшесі
1	Тлеубаева Жумасулу	Зейнеткер ұстаз	төрайым
2	Түйешин Мирғұлан Әскербайұлы	Темір аудандық полоция бөлімі	Мүше
3	Жексембаева Айнур Бексултановна	Саркөл ауылдық округі әкімдігі	Мүше
4	Сүлейменова Мейрамгүл Бәденқызы	Жеке кәсіпкер	Мүше

5	Калдыгожина Райса Тунгатаровна	Жеке кәсіпкер «Ибрахим» дүкенінің иесі	Мүше
6	Төлегенова Гүлнұр Маратқызы	Жеке кәсіпкер «Жекей» сауда үйі иесі	Мүше
7	Калдыгожина Нургул Узакбаевна	Ата-ана	Мүше
8	Назарова Лаззат Сагынғалиевна	Саркөл ауылдық клуб үйі	Мүше
9	Оразбаева Айгерім Сайранқызы	«Алақай » балабақшасы	Мүше
10	Сансызбаева Еркеназ Әлібиқызы	оқушы	Мүше
11	Куздибаева Аңсаған Мұратбекқызы	оқушы	Мүше

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.

Мектебімізде есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепшілік есепте тұрғандар саны – 4.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында тұрмыстық жағдайын тексеру акт жүргізілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп ғимараты бейімделген, материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ғимаратта 9 кабинет бар- химия, информатика, орыс тілі мен әдебиеті, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын, математика, физика, технология (қыздар). Оқушыларға жаңадан спорт залы ғимаратқа қосымша жалғанып салынып, пайдалануға берілді. Оқушылар жеке заттарын, киімдерін сақтайтын 84 жеке шкафттармен қамтамасыз етілген. Мектепте медициналық пункт қызмет жасайды, 1-4 сынып оқушылары мектеп асханасында міндетті тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді, 5-11 сынып арасындағы аз қамтылған отбасы санатындағы балаларға да тегін ыстық тамақ берілді. Мектеп асханасында балаларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз еткен – ЖК Алимбекова Бакытгуль Оспановна.

Мектептегі 1-11 сынып арасындағы 186 оқушы барлығы мектеп оқулықтарымен қамтылды. Жетіспейтін оқулықтарға аудандағы көршілес мектептерден АКТ арқылы айырбас жасалды. Кітапханада кітап қоры жеткілікті.

Оқушылардың мектептегі өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепте 10 бейнебақылау жұмыс жасайды. Оның 4-сыртқы камералар, 6-ішкі камералар. Оның ішінде 2 камера адам көп шоғырланатын жерлерге- АКТ залына және асханаға орналатырылған.

Мектепте оқушыларға арналған 2 жылы дәретхана, тех. қызметкерлерге арналған 1 жылы дәретхана бар. Оқушылардың қолдарын жууға арналған 6 раковина бар, олардың 3-і ыстық сумен қамтамасыз етілген.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін мектеп ғимараты алдында пандус орналастырылған. (7,9,10,11,12-қосымшалары интернет ресурста орналастырылды)

13.1. білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы.

2023-2024 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан, 10-сыныпта – 33 сағаттан, 11-сыныпта – 33 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды. (оқу жұмыс жоспарының көшірмесі интернет ресурста орналастырылды)

13.2. білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды:

Оқу жылдары	Компонент	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
2023-2024	Инвариантты	17,5	21	24	24	27	27	28	28	29	28	28
	Вариативтік	2	3	2	2	1,5	1,5	4,5	4,5	5	5	5
	Барлығы	19,5	24	26	26	28,5	28,5	32,5	32,5	34	33	33

(оқу жұмыс жоспарының көшірмесі интернет ресурста орналастырылды)

13.3. сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Топтарға бөлінген сыныпта инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар оқыған жоқ. 2023-2024 оқу жылының басында инклюзивті білім берілетін 4-сыныпта оқушы саны 15 оқушы болғандықтан топқа бөлінген жоқ. (8-қосымша, 4-сынып оқушыларының тізімі интернет ресурста орналастырылды)

14.1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №2903 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2023-2024 оқу жылында 1-4 сыныптарда оқу процесі бастауыш білім берудің төмендетілген оқу жүктемесімен, 5-9 сыныптарда негізгі орта білім берудің төмендетілген оқу жүктемесімен, 10-11 сыныптарда қоғамдық - гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген) оқу бағдарламасымен оқытылды. 2023-2024 оқу жылында 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттау жүргізілді.

Оқу жылы	Сыныбы	Оқушы саны	Пәні	«5»	«4»	«3»	«2»	%
2023-2024	9	17	Алгебра	3	5	9	0	47%
		17	Қазақ тілі мен әдебиеті	3	6	8	0	52%
		17	Орыс тілі	4	5	7	0	52%
		17	Биология-таңдау пәні	3	5	9	0	47%
	11	10	Алгебра және анализ бастамалары	3	4	3	0	70%
		10	Қазақ тілі	4	3	3	0	70%
		10	Қазақстан тарихы	6	1	3	0	70%
		10	Орыс тілі мен әдебиеті	4	3	3	0	70%
		10	География	5	2	3	0	70%

2023-2024 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің 20.04.2022 № 159 бұйрығы басшылыққа алынды. (қорытынды аттестаттауға байланысты негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан бұйрығы, емтиханды өткізу кестесі, емтихан хаттамасы, педагогикалық кеңес хаттамасы интернет ресурста орналастырылды)

14.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Bilim.class» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша

ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.

14.3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау

Мектепте ерекше білім берілетін бала саны – 1 (Сарсенғалиева Асель Серғалиевна – 4 сынып оқушысы). Ол – 28.08.2022 жылғы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде «Задержка психологического развития ОПР III 3 уровня ринология» деген диагнозбен есепте тұрған оқушы. Оқушыға ерекше білім беруге байланысты мектепшілік бұйрық шығарылды. Асель – жалпы білім беретін оқу бағдарламасына бейімделіп оқытылады. Қазақ тілі, орыс тілі, математика, дүниетану, жаратылыстану, ағылшын тілі пәндерінен сабақ беретін пән мұғалімдеріне күнделікті сабақ жоспарында Асельдің тапсырманы орындау мүмкіншілігіне байланысты тапсырманы жеңілге қарай дайындап береді.

Асель – сыныпта белсенді оқушы, сыныптағы, сыныптан тыс байқауларға белсене қатысады. Республикалық шығармашылық «Жұлдыз ай» байқауының (аудандық) кезеңіне қашықтан қатысып, «Хореография» номинациясы бойынша 3 орын иеленді. Сарсенғалиева Асельге сабақ беретін пән мұғалімдері - Жубангосова Г.Г.

Калмағанбетова Н.Н.

Жанасаева Ж.Ж.

Шутеева Г.М.

Мұхамбетқалиева Н.Н.

Коптлеуова Р.Р.

Шүкірбаева А.Ж.

«Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті. Асельге мектеп психологы өз тарапынан психологиялық қолдау көрсетіп отырады.

14.4. 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Мектеп 2023 жылы қазан айында жоспар бойынша аттестацияланды. Көрсетілген кемшіліктер 1 наурызда жойылып, 2024 жылдың 7 наурызында мектеп аттестациядан өтті. Өзін-өзі бағалау жүргізілуіне байланысты 4,9-сынып білім алушыларынан тест алынған жоқ.

15.1. тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 4 жыл (1-4 сыныптар), негізгі орта білім берудің негізгі білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 5 жыл (5-9 сыныптар), орта білім берудің орта білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 2 жыл (10-11 сыныптар). Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы.

15.2. сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында каникул кезеңдері 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы басшылыққа алынды.

1) 2023-2024 оқу жылының басталуы-2023 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда-33 оқу аптасы, 2-11(12) сыныптарда-34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул-7күн (2023 жылғы 30 қазан-5 қараша аралығында),
қысқы каникул-10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында),
көктемгі каникул-11 күн(2024 жылғы 21 - 31 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту

9.1. оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі.

2023-2024 оқу жылында шағын орталықта және мектепалды даярлық сыныбында 2023-2024оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.10.2018 ж. №604 бұйрығымен (05.05.2020 ж. №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. №557 бұйрығы (12.05.2020 ж.№195 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығы.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2023-2024 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында

оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

Негізгі мақсат: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы.

Сондықтан, баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, әр жас тобында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру біздің міндетіміз болып табылады.

Баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал ету мақсатында бағдарламаны басшылыққа алып жұмыстанамыз.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтардағы оқу мақсаттарының жүйесі арқылы беріледі. **"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша (бағаланатын кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);**

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, толардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсатымыз болып табылады.

Міндетіміз: - әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды;

- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;

- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыруды;

- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);

- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар көшірмелері берілді. (оқу жұмыс жоспары көшірмесі интернет ресурста орналастырылды)

9.2. білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру.

Мектепалды даярлық сыныбында 11 оқушы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес, білім берудің бес саласы бойынша жүзеге асырылады. Баланың мектепке дайындығы тек бастапқы біліммен ғана емес, соныменен қатар ынтасымен, талабымен, құрдастарымен достық қарым-қатынас жасау дағдыларын танытумен дене дамуымен, эмоционалдық көңіл-күйімен анықталады. Соныменен қатар баланың денсаулығы мен қауіпсіздігіне назар аударуды қажет еттім. Балалардың еркін ойнауына мүмкіндік берілді. Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың оқуға деген ынтасы дамы бастады. Қатынас саласы бойынша балаларға түрлі ертегілер, жұмбақтар енгізіп сюжетті қойылымдар көрсетілді. Тіл байлығын жетілдіруде тақпақтар, жаңылтпаштар айта бастады. Дамытушы ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар ойната отырып, ұйымшылдыққа татулыққа баули білді. Жазудың қарапайым дағдыларын қарандаш, қалам ұстауды сызықтар сызуды, сурет салуды, бастыруды меңгерді. Кітаптың қағаздың бетіне бағдарлауды үйренді. Дұрыс мәнерлі сөйлеуге қалыптасты. Таным саласы бойынша геометриялық пішіндерді танып атай біледі. 1-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санап реттегі сандық қатынасты білді. Пішіндерден үй құрастыруды меңгерді. Заттардың ортақ қасиеті бойынша біріктіруді түсінді. Берілген тапсырмаларды ықылас қойып орындады. Апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйренді. Түрлі материалдардан заттарды құрастыруды, олардың атауларын атай білді. Шығармашылық саласы бойынша сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сабақтарында балалардың шығармашылық деңгейін дамытып жан-жақты тәрбиелеуді мақсат еттім. Бір қалыпты бояуды, акварельмен жұмыс жасауды, елестету бойынша өз ойымен сурет салуды дағдыланды. Сыни тұрғыдан ойлауды, топпен жұмыс жасауды үйренді. Саусақ моторикасын дамыту мақсатында үстел-үсті ойындарын жие

қолданып отырады. Денсаулық саласы бойынша қимылды ойындарды ұйымдастыру дағдыларын игерді. Спорттық ойын ұйымдастырылды, онда балалар белсенділік танытты. Атап айтатын болсақ кегельдерді доппен құлату, шеңберге қос аяқпен секіру, секіртпе жіппен жарысу, жалаушаға дейін кім тез жетеді, ат жарыс ойындарында қызығушылық танытты. Сонымен қатар ұлттық ойындары ұйымдастырылды. Балаларды ұлтжандыққа, татулылыққа бірлесіп ойнауға баули білді. Әлеумет саласы бойынша балалар жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата білді. Үлкендерді сыйлап мейірімділік танытуды түсінді. Өз отбасы мүшелерін біледі және атайды. Құрдастарына өз көңіл күйлерін білдіруге дағдыланды. Серуен кезінде табиғатқа қызығушылық танытты. Қажетті жағдайларда көмек сұрай алады. Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығы арта түсті.

Шағын орталықта оқу жылының басында бекітілген жылдық жұмыс жоспары үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Екі топта барлығы - 30 бала. Білім салаларын қамти отырып, түрлі оқу қызметтері мен ертеңгіліктер, тәрбие - танымдық сағаттар өткізіліп тұрды. Оқу қызметінің ұзақтығы оқу жоспары мен жас ерекшеліктеріне сәйкес. Топ балалары шығармашық конкурстарға белсене қатысып отырады. Осы ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижесінде балалар өлең тақпақтарды жатқа айтуға машықтанды, оқу іс әрекетіне қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытып бір бірімен қарым-қатынастары нығая түскенін байқалды.

Денсаулық саласы бойынша балалар жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтай алды. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын меңгерді. Бірлескен ойындарда қарапайым ережелерді сақтайды. Қатынас саласы бойынша ересектердің сөзін түсінеді, сұрақтарды тыңдайды, оларға жауап бере алады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Сөздердің қалай айтылуын тыңдап, оларды анық айтады. Таным саласы бойынша салыстыру, қатар қою, беттестіру тәсілімен заттарға тән айырмашылықтарды таниды және атап айтады. Әрбір тәсілдерді қолдана отырып, құрылыс материалдарын қолданады.

Шығармашылық саласы: төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелей алады, оларды дөңгелек пішіндегілермен үйлестіреді. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш) Жануарлардың суретін салу, салынған пішіндерін бояйды (мақталы таяқшаларымен бояу) Әлеумет саласы ауа райының жағдайларын анықтай алады, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды.

5) 2023 – 2024 оқу жылында шағын орталықта және даярлық сыныпта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

6) Мектепалды даярлық сыныбының және шағын орталық тәрбиеленушілерінен "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" бес білім саласы бойынша диагностика жүргізілді. Баланың даму мониторингі және оның жеке дамуын бақылау парағы қағаз түрінде кезең – кезеңімен жасалды.

Мектепалды даярлық сыныбының және шағын орталық тәрбиеленушілерінің перспективті жоспарлары мектеп директорымен бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметі циклограммада көрсетілген. Мектепалды даярлық сыныбының қабылдау уақыты 09.00-11.00, Қимылды ойындар 09.20-10.00, ҰОҚ басталуы 10.00 аяқталуы 10.35, «Табиғат аясында» серуен 10.35-10.50, Балалардың үйге қайтуы 10.50-11.00, Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес көрсетілген: 15 минуттан құрылған және мектеп директорымен бекітілген. (топтардың перспективтік жоспарлары, циклограммалар, күн тәртібі көшірмелері интернет ресурста орналастырылды)

9.3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау.

Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушілердің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту, және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдануға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру.

Мектепте 2 шағын орталық тобы, 1 мектепалды даярлық тобы жұмыс жасайды. 2 шағын орталықта 30 бала, мектепалды даярлықта 11 бала тәрбиеленеді. 1-ші «Еркем-ай» кіші тобында 2 жасар балалар, 2-ші «Балапан» ортаңғы тобында 3-4 жастағы балалар қамтылған. 1-топ жас ерекшелігі бірдей, 2-топ жас ерекшелігі әр түрлі балалардан жасақталған. Мектепалды даярлық тобы мен шағын орталық тобы жабдықтармен, жиһаздармен қамтамасыз етілген. 2 бөлмеде балаларға арналған мини стенка, шкафтар, шағын столдар, отырғыштар, жерге төселетін кілемдер, балалардың жеке киімдерін ілетін темір шкафтар бар. Топтарда ерекше білім беруді қажет ететін бала жоқ. 2 шағын орталық тобында 2 тәрбиеші (Әбілханова С.Ж. және Кереева Х.К.) жұмыс жасайды. Екеуі де жоғары білімді (Әбілханова С.Ж. – біліктілігі – педагог-модератор, Кереева Х.К. – біліктілігі – педагог-сарапшы). 2 тәрбиешіде 2022 жылы біліктілікті арттыру курсына біліктіліктерін жетілдірді. Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі – Қосанқызы М., білімі-жоғары, біліктілігі – педагог-модератор. Жүктілі демалыстағы тәрбиеші орнына уақытша қабылданғандықтан біліктілікті арттыру курсынан өтпеген. Мектепке дейінгі шағын орталық 2 топ тәрбиеленушілері мен мектепалды даярлық топ тәрбиеленушілері оқу-әдістемелік кешендермен жеке ерекшелігіне сай қамтылған. (2,3,4,5-қосымшалар интернет ресурста орналастырылды)

9.4. баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы.

Тәрбиеленушілердің (шағын орталықтың 2 тобының және мектепалды даярлық тобының) балалардың жасын ескере отырып 2023-2024 оқу жылында жетістіктері мониторингтелініп, қорытынды нәтижелері шығарылды (қосымша интернет ресурстарға орналастырылды).

9.5. тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі бір жылғы бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

2023-2024 оқу жылына жасалған бастапқы мониторинг төмендегідей:

Топтар	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
Кіші топ	15	«Денсаулық» -3 «Шығармашылық»-6 «Таным»- 5 «Қатынас»-7	«Денсаулық» -13 «Шығармашылық»-10 «Таным»-11 «Қатынас»-9	«Денсаулық» -0 «Шығармашылық»-0 «Таным»- 0 «Қатынас»-0
Ортаңғы топ	15	«Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-4 «Таным»- 2 «Қатынас»-3 «Әлеумет» -4	«Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-8 «Таным»-9 «Қатынас»-7 «Әлеумет» -8	«Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-3 «Таным»- 4 «Қатынас»-5 «Әлеумет» -3
Даярлық	11	«Денсаулық» -4 «Шығармашылық»-2 «Таным»-5	«Денсаулық» -7 «Шығармашылық»-8	«Денсаулық» -1 «Шығармашылық»-3

		«Қатынас»-1 «Әлеумет» -3	«Таным»-6 «Қатынас»-9 «Әлеумет» -7	«Таным»- 1 «Қатынас»-2 «Әлеумет» -2
--	--	-----------------------------	--	---

(бастапқы мониторинг құжаттары интернет ресурста орналастырылды)

9.6. үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

Тәрбиеленушілердің (шағын орталықтың 2 тобының және мектепалды даярлық тобының) балалардың жасын ескере отырып 2023-2024 оқу жылында жетістіктері мониторингтелініп, қорытынды нәтижелері шығарылды (қорытынды мониторинг құжаттары интернет ресурста орналастырылды).

10.1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар.

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі МДТО ҮОЖ белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілді: Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар Үлгілік оқу жоспарларында белгіленеді.

2023-2024 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2020 жылғы 1 мамырдағы №195 бұйрығы басшылыққа алынды.

Жас топтары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің аптадағы жалпы көлемі келесі:

- 1) ортаңғы топ (2-3 жастағы балалар) –ұзақтығы 7-15 минуттан 9 сағат;
- 2) ересек топ (4-5 жастағы балалар) –ұзақтығы 15-20 минуттан 12 сағат;
- 3) орта білім беру ұйымындағы мектепалды даярлық сыныбы (6-7 жастағы балалар) – ұзақтығы 25-30 минуттан 20 сағат.

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Оқыту тілі - қазақша. Басшылыққа 2020-2021 оқу жылында «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды.

Оқу жылдары	Оқыту тілі	Үлгілік оқу жоспары
2023-2024	қазақша	«Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығының 1-қосымшасы

Оқу жылы	Топтар	Жалпы көлемі	Вариативтік компонент	Оқу жүктемесі
2023 - 2024	Ортаңғы топ	9с		9с
	Ересек топ	11с		12с
	Даярлық сынып	17с		20с

(оқу жұмыс жоспар көшірмесі интернет ресурста орналастырылды)

11.1. балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

Ауылдық жерде бала санының аздығына байланысты шағын орталықта тек 2 топ жұмыс жасайды. 2023-2024 оқу жылында «Ортаңғы топта» 2-3 жастағы, «Ересек топта» 4-5 жастағы балалар тәрбиеленді. (3-қосымша интернет ресурста орналастырылды)

11.2. тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушінің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салалары бойынша жұмыстар жүргізіледі. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

Мектепалды даярлық сыныбында **денсаулық сақтау дағдыларын**: гигиеналық шараларды орындауды, өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларын, шынықтырудың барлық әдістерін жас ерекшелігіне сай сандық және сапалық көрсеткіштерге қол жеткізе отырып, негізгі қимыл түрлерін, қимылдарды еркін меңгеріп, саналы түрде ойын ережесін сақтауды, қозғалыс әрекетінде қарапайым өзін-өзі бақылауды, ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін, күн тәртібін сақтауды үйренеді.

Коммуникативтік-тілдік дағдылар: тілдесу ережелерін: сөзсіз тілдесу құралдарын, сөйлесу әдебін, сөз тіркесі мен сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құрастыруды, сөйлеуде таныс сөздердің күрделі түрлерін қолдануды, дыбыстарды анық, дұрыс, мәнерлеп айтуды, жіктеуді, дыбыстың шартты белгілерінің көмегімен буын мен сөз құрастыруды, сөзжасам дағдыларын, заттардың белгілері мен сапа ларына сүйене отырып, сөздің мағынасын түсіндіре және қолдана алуды, берілген тақырып, сурет бойынша жалаң және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып, байланыстырып, бірізділікпен әңгіме құрастыруды, түрлі оқиғаларды мазмұндап айтуды, ертегілерді ойдан құрастыруды, ойында сөз және өлең ұйқастарын құрастыруға, көргеніне сүйене отырып, таныс шығармалардың мәтінін мазмұндауды, дыбыстарды айтуда және дыбыстық талдауда білімін қолдануды, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дыбыстарды сипаттауды үйренеді.

Танымдық дағдылар: адам өміріндегі маңызына және қолданылуына байланысты заттарды даярлау үшін пайдаланылатын материалдардың қасиеттері мен алуан түрлілігі туралы, қоршаған ортадағы объектілердің ерекше және маңызды белгілерін бөліп көрсете отырып, олар туралы түсініктерді, жапсыру және сурет салу түрінде геометриялық пішіндерден шынайы және абстракциялық объектілердің қарапайым үлгілерін жасауды, болмашы ерекше белгілері бойынша жануарлар мен өсімдіктерді ажырата білуді, табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күтіп-баптауды, күнделікті өмірдің жаңа жағдайларында қауіпсіздікті сақтауды, түрлі белгілері бойынша объектілерді жіктеуді, сөз арқылы кеңістіктік-уақыт қатынасын, қисынды ойлауды, нәтижеге жететін эксперимент әрекетіне мақсат қоя білуді, нәтижеге жетуді, алған ақпаратқа талдау жасауды, оны саналы түрде қолдануды үйренеді.

Шығармашылық дағдылар: музыкалық аспап сүйемелдейтін әуенді, регистр дыбысын ажырата алуды, балаларға арналған музыкалық аспапта ойнау барысында, ән айтқанда, билегенде минорлы және мажорлы дыбысталуы қабылдап, жаңғырта алуды, түрлі техникалық құралдарды өз бетінше қолдануды, жұмыстарды жаңа бөліктермен толықтыруды және әсемдеуді, қарастырған заттарының бояуының қанықтылығының маңыздылығын, өнердің басқа түрлерінің түпмәтінінде өнер туындыларына алғашқы талдау жасауды үйренеді.

Әлеуметтік дағдылар: мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, әдеп, табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерін, ересектермен бірлескен әрекетке жұмылуды, пайдасын тигізуге және оған қанағаттануды, өзінің және басқа халықтардың әдептілік нормалары мен олардың құндылығын, түсіністік, төзімділік танытуды, әлеуметтік ортада өзара қарым-қатынас жасау біліктілігін, қоғамдық тәртіп сақтау дағдыларының коммуникативтік дағдыларын меңгереді (3-қосымша интернет ресурста орналастырылды).

Комиссия төрайымы
Комиссия мүшесі
Комиссия мүшесі
Комиссия мүшесі
Комиссия мүшесі



Ж.С.Карайдарова
Ж.М.Муканова
Ә.С.Жанғазы
Ж.Ж.Жанасаева
А.Ж.Шүкірбаева